

"Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 292 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 мамырда № 18764 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.12.2021 № 488 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту және болжамдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілернің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Е.Ж. Жылқыбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандарты біліктілік және құзыреттілік деңгейіне талаптарын, еңбектің мазмұнын, сапасы мен жағдайларын анықтау үшін арналған және мемлекеттік заңды тұлғалар көрсететін қызметтерде қолданылады.

Бұл кәсіптік стандарт білім беру бағдарламаларын құруға, оның ішінде кадрларды басқару саласында кәсіпорындарда персоналды оқыту, білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен түлектерін сертификаттау, кең ауқымды міндеттерді шешу үшін мүмкіндік береді.

2. Осы Кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер – өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені;

2) пробация (әлеуметке қосу) – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі;

3) әлеуметтік жұмыс – жекелеген отбасыларға, отбасыларға бұзылған немесе жоғалған функцияларын, олардың толық әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін олардың әлеуметтік құқықтары мен өтемақы кепілдіктерін әске асыруда көмек көрсету бойынша қызмет;

4) әлеуметтік қызметкер – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін және (немесе) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындауды жүзеге асыратын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін қажетті біліктілігі бар қызметкер;

5) біліктілік – қызметкердің біліктілік даярлығының деңгейі, жұмыс күрделілігі деңгейін анықтау үшін қажет білімінің, икемділігі мен дағдыларының болуы;

6) біліктілік деңгейі – күрделіліктің параметрлері бойынша стандартты емес еңбек әрекеттерімен, жауапкершілігімен және тәуелсіздігімен сараланатын қызметкердің даярлық деңгейі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптар жиынтығы;

7) білім – білім алу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгерудің нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидалар, теория және практика жиынтығы; бағалануы тиіс біліктілік құрамдас бөлігі;

8) дағдылары – жұмыс орнында және күнделікті өмірінде белгіленген интеллектуалды және физикалық әрекеттерді орындау қабілеттігін сипаттайтын оқу немесе белгілі зерттеулер мен жұмыстарды жүргізу арқылы дамитын қасиет;

9) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланыстағы әрекеттер жиынтығы;

10) икемділік – әрекеттерді іске асыру және проблемаларды шешу үшін (логикалық, интуитивті, шығармашылық және практикалық ойлауды қолдану) білімді қолдану және құзыреттілігін көрсету қабілеттілігі;

11) кәсіп – қызметкердің біліктілік даярлығының деңгейі, жұмыс күрделілігі деңгейін анықтау үшін қажет білімінің, икемділігі мен дағдыларының болуы;

12) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының толық жиынтығымен құрылған және құзыреттерді орындау үшін қажетті кәсіптер жиынтығы;

13) кәсіптік топ – жалпы интеграциялық негізі бар (ұқсас және жақын тағайындаулар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттілігінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтар жиынтығы;

14) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы – мүгедектігі бар адамды оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін белгілейтін құжат;

15) құзырет – қызметкердің кәсіптік және еңбек қызметінде білімін, икемділіктер мен дағдыларын пайдалану қабілеттілігі;

16) медициналық-әлеуметтік көмек – тізбесін уәкілетті орган белгілейтін әлеуметтік маңызды аурулары бар азаматтарға көрсетілетін медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек;

17) медициналық-әлеуметтік сараптама – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілей (белгілемей) отырып, куәландырылатын адамның организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін айқындау;

18) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлердің құрылымдалған сипаты.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.12.2021 № 488 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Осы Кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) АМӘК – алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек;

2) БА – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-2) тармақшасына сәйкес әзірленіп, бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

3) МӘС – медициналық-әлеуметтік сараптама;

4) МӘСК – медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссиясы;

5) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

6) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.12.2021 № 488 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Психологиялық және әлеуметтік жұмыс".

5. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: қызметкерлердің біліміне, икемділігіне, дағдыларына және жеке құзыреттілігіне сәйкес келетін талаптардың еңбек функцияларының жүйелі және құрылымданған сипаттамаларын кәсібі бойынша көрсету.

6. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:

Психологиялық және әлеуметтік жұмыс мыналарды көздейтін кәсіптік қызметті қарайды:

қоғамдағы адам өміріне, қалыпты әлеуметтік жұмыс істеу үшін көмектесу және лайықты жағдай жасау;

өмірлік қиын жағдайға тап болған адамға, отбасына, мұқтаж жандардың әртүрлі топтарына көмек көрсету;

қоғамның, топтың немесе жеке адамның әлеуметтік, психоменталдық байланыстарын қалпына келтіру және сақтау ;

әлеуметтік денсаулықты сақтау және оңалту мақсатында адамдардың қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес қоғамдағы ағымдағы процестерге әсер ету;

әлеуметтік процестерді болжамдау, өткір әлеуметтік проблемалардың алдын алу және жою.

7. Кәсіби топ:

денсаулық сақтау саласындағы кәсіпқой - мамандар;

құқық, гуманитарлық салалар және мәдениет саласындағы мамандар;

заңгерлік, әлеуметтік қызметтер мен дін жөніндегі кәсіби көмекші қызметкерлер.

8. Кәсіби топ бөлігі:

психиатрия, психотерапия, наркология және медициналық психология саласындағы дәрігер;

денсаулық сақтау саласындағы кәсіпқой - мамандар;

психологтар;

әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы кәсіпқой - мамандар.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптердің тізбесі:

1) әлеуметтік қорғау ұйымының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) бастығы – СБШ бойынша 7 біліктілік деңгейі;

2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (әлеуметтік қызметкер) – СБШ бойынша 4-6 біліктілік деңгейлері;

3) әлеуметтік қызметкер – СБШ бойынша 4-5 біліктілік деңгейлері;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

5) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант (жалпы бейін) (Супервизор) - СБШ бойынша біліктіліктің 6-деңгейі;

6) әлеуметтік психолог – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

7) пенитенциарлық жүйеде сотталғандармен жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкер (қылмыстық атқару жүйесі мекемесінің консультанты) – СБШ бойынша 6-7 біліктілік деңгейі;

8) әлеуметтік саладағы психолог-консультант – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

9) әлеуметтік саладағы психолог-консультант (сот) – СБШ бойынша 6-7 біліктілік деңгейлері.

Кәсіптер карточкалары осы кәсіптік стандартқа қосымшада көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 03.04.2026 № 120 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Психологиялық және
әлеуметтік жұмыс"
кәсіптік стандартына
қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.01.2023 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кәсіп карточкасы	"Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) бастығы"
Кәсіп коды	1344-0-004
Кәсіп атауы	Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) бастығы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7
Кәсіптің басқа да ықтимал атаулары:	Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің (бөлімшесінің) меңгерушісі
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары,	"Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен ұйымдарының басшылары, қамту мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек

<p>мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіптер үшін біліктілік деңгейі</p>	<p>және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16057 болып тіркелген). Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім (әлеуметтік, экономикалық, заңгерлік, педагогикалық, медициналық) және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында немесе тиісті бейіндегі лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.</p>	
<p>Кәсіптік білім деңгейі</p>	<p>Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім</p>	
<p>Еңбек функциясы:</p>	<p>Міндетті еңбек функциялары:</p>	<p>Икемділіктер мен дағдылар: 1. Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, топтың) қызметіне басшылық ету 2. Бөлімше аумағында тұратын өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарды және әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж отбасыларды анықтау және есепке алу бойынша жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету. 3. Персоналды басқару</p>
<p>1-еңбек функциясы: Әлеуметтік қорғау ұйымының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) қызметіне басшылық ету</p>	<p>Тапсырма: Ұйым қызметін жоспарлау және бақылау</p>	<p>Икемділіктер мен дағдылар: 1. Бөлімше қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру, оның орындалуын бақылау; 2. Көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің көлемі мен сапасына және олардың қызмет көрсетілетін азаматтардың қажеттіліктеріне сәйкестігіне, бөлімше қызметкерлері жұмысының тиімділігіне тұрақты бақылау жүргізу; 3. Жұмысты талдау және болжау жүргізу, бөлімше қызметін жақсарту бойынша шаралар қабылдау; 4. Бөлімше мамандарының белгіленген құжаттаманы жүргізуіне бақылауды қамтамасыз ету (келуді және жеке сабақтарды есепке алу журналдары, сабақ жоспарлары немесе әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық қызметтер көрсететін мамандар жұмысының циклограммалары, баланың жағдайы мен даму динамикасы бойынша құжаттамалар және басқалар); 5. Қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз ету, статистикалық мәліметтердің дәйектілігі; 6. Ішкі еңбек тәртіп қағидаларын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларын, өртке қарсы нормалар талаптарын сақтауды қамтамасыз ету.</p> <p>Білуге тиіс: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы; 2. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі); 3. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі; 4. "Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Еңбек кодексі);</p>

5. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
6. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
7. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
8. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
9. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
10. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
11. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
12. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
13. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
14. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
15. "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген).

Икемділіктер мен дағдылар:

1. Бөлімшенің аумағында тұратын өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарды және әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж отбасыларды анықтау және есепке алу бойынша жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету;
2. Қажеттілікті белгілеу, әлеуметтік көмектің түрлері мен нысандарын айқындау мақсатында жалғызілікті қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың, еңбекке жарамсыз азаматтардың, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
3. Әлеуметтік көмекке мұқтаждардың деректер базасын қалыптастыру;
4. Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына сәйкес қызмет көрсетілетіндердің санын және бөлімше мамандарының жұмыс көлемін айқындау;
5. Стационарлар, жартылай стационарлар, уақытша болу жағдайында жұмыс істейтін мекемелерге немесе ұйымдарға, арнайы түзету, оңалту мекемелеріне немесе ұйымдарына мұқтаж адамдарды айқындауға жәрдем көрсету;

<p>2-еңбек қызметі:</p> <p>Бөлімше аумағында тұратын өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарды және әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж отбасыларды анықтау және есепке алу бойынша жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету</p>	<p>Халыққа әлеуметтік көмек көрсету саласындағы мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету</p>	<p>6. Аумақтық денсаулық сақтау, білім беру органдарымен және мекемелерімен, қайырымдылық және діни бірлестіктермен бөлімше клиенттеріне әлеуметтік қызмет көрсету мәселелерінде өзара іс-қимылды жүзеге асырады;</p> <p>7. Халыққа консультациялық көмек көрсету, оның ішінде мұқтаж адамдарға құжаттарды ресімдеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;</p> <p>8. Қорғаншылық, қамқоршылық мәселелерін шешуге қатысады;</p> <p>9. Бөлімше қызмет көрсететін адамдар арасында гуманитарлық көмекті қабылдауды, сақтауды және бөлуді қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру;</p> <p>10. Бөлінетін бюджет қаражатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келмейтін қаржыландыру көздерінен түсетін қаражатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді;</p> <p>Білуге тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. халықты әлеуметтік қорғау саясатының негізгі бағыттары; 2. ұйымның бейіні, мамандануы және ерекшеліктері; 3. әлеуметтік қызмет түрлері; 4. әлеуметтік жұмыс теориясы мен әдістемесі; 5. қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру; 6. әлеуметтік жұмыс негіздері; 7. әлеуметтану негіздері, жеке тұлғаның психологиясы және зейнеткерлік жастағы адамдар мен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмектің әлеуметтік-психологиялық аспектілері; 8. үйде науқастарды күту бойынша санитариялық-гигиеналық талаптар; 9. соғыс және еңбек ардагерлері үшін белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар; 10. әр түрлі әлеуметтік ортадағы жұмыстың ерекшелігі; 11. педагогика, психопрофилактика, этика және деонтология, психопатология негіздері; 12. қорғаншылықты және қамқоршылықты, үйде қызмет көрсетуді ресімдеу мәселелері жөніндегі әдістемелер; 13. үйде әлеуметтік көмекті ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік озық тәжірибе; 14. шарттарды жасасу және орындау тәртібі; 15. салық және бюджет заңнамасының негіздері; 16. қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастыру;
		<p>Икемділіктер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұйымды басқару құрылымын анықтау. 2. Тиісті сапалы қызмет көрсету үшін басшы құрамды және басқа да кадрларды іріктеу және орналастыру. 3. Бөлім қызметкерлерін оқытуды, тәжірибе алмасуды, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру; 4. Қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамашылдығы мен белсенділігін дамыту.

3-еңбек қызметі: Персоналды басқару	Міндеті: кадрлық құрамды қалыптастыру және реттеу.	5. Еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту, қызметкерлерді аттестациялау бойынша жұмыстар жүргізу. 6. Қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық атмосфераны қолдау Білуге тиіс: 1. Нормативтік актілер: 2. Еңбек кодексі. 3. Ұйым қызметінің бейіні мен ерекшеліктері. 4. Персоналды басқару теориясы мен
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Жауапкершілік, еңбек процестерін дербес басқару және бақылау, тәуелсіз шешімдер қабылдау мүмкіндігі, адалдық. Талдамалық ойлау. Сабырлық және тез тіл табыса білу, тілектестік, парасаттылық, риясыздық, әдептілік.	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптерімен байланысы	8-деңгей	Мекеме (ұйым) директоры
БА-мен байланысы	Әлеуметтік қорғау ұйымы құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) бастығы	Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту (ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары.
Еңбек жағдайлары (мазмұны және сапасы)	Жұмысты орындау орны, жұмыс уақыты, демалыс уақыты режимі, еңбек демалысының ұзақтығы, еңбекке ақы төлеу шарттары және өзге де еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек және ұжымдық шарттарда белгіленеді.	
Кәсіп карточкасы	"Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман"	
Кәсіп коды	2635-3-001	
Кәсіп атауы	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (әлеуметтік қызметкер)	
Кәсіптің басқа да ықтимал атаулары	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету)	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4 (4.1, 4.2, 4.3)	
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіптің біліктілік деңгейі	Біліктілігі орташа деңгейдегі маман: жоғары санат: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және жұмыс өтілі бірінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде 3 жыл; бірінші санат: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және жұмыс өтілі екінші санаттағы біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде 2 жыл; екінші санат: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және жұмыс өтілі санаты жоқ біліктілігі орташа деңгейдегі маман лауазымында кемінде 1 жыл; санаты жоқ: техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.	
Кәсіптік білім деңгейі	Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) әлеуметтік, педагогикалық, медициналық білім	

<p>еңбек функциясы: Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына, адам саудасы құрбандарына, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) уақытша болу және тұру жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардағы қызмет</p>	<p>Міндет: Арнаулы әлеуметтік қызметтерді сапалы көрсету бойынша бақылау және ұйымдастыру</p>	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өмірлік қиын жағдайды еңсеру немесе оның туындауының алдын алу үшін мұқтаж адамға (отбасына) қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі шараларды ұйымдастыру. 2. Жеке жұмыс жоспарын және журналды/электрондық картотеканы әзірлеу бойынша жұмысты үйлестіру, олардың сапалы толтырылуын және орындалуын бақылауды жүзеге асыру, паллиативтік көмек және мейірбике күтімі қызметтерін талап ететін наукастарды анықтауға ай сайынғы мониторинг жүргізу 3. Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен түрлерін талдау; олардың даму перспективаларын, әлеуметтік қызметке мұқтаждар динамикасын болжау; 4. Азаматтардың туыстарымен және туыстарымен байланыс жасауына, хат жазуына, арыз жазуына, баспа басылымдарымен танысуына көмек көрсету; 5. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; 6. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің қызметіне және олардың ұсынылу сапасына әдістемелік басшылықты жүзеге асыру және бақылау; 7. Қамқорлықтағыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін қайырымдылық және демеушілік көмек көрсететін адамдарды тартуға жәрдемдесу; 8. Біліктілікті тұрақты негізде арттыру; 9. Белгіленген құжаттардың сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету, уақтылы есептілік (ведомстволық және статистикалық); 10. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету <p>Білуге тиіс: Нормативтік құқықтық актілер: Қазақстан Республикасының Конституциясы; "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі; "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі; Еңбек кодексі; "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;</p>
--	---	---

		<p>"Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>"Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;</p> <p>әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасы;</p> <p>жеке тұлға және азаматтардың жекелеген санаттары психологиясының ерекшеліктері;</p> <p>психология, педагогика, геронтология, этика негіздері;</p> <p>әлеуметтік жұмыс жөніндегі бағдарламалық-әдістемелік әдебиет;</p> <p>мүгедектігі бар адамдарға, соғыс және еңбек ардагерлеріне белгіленген әлеуметтік кепілдіктер мен артықшылықтар жүйелері;</p> <p>тәрбие және әлеуметтік жұмыс түрлері мен әдістері;</p> <p>әр түрлі әлеуметтік ортадағы жұмыстың ерекшелігі;</p> <p>зейнеткерлік жастағы адамдар мен мүгедектігі бар адамдарға, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына, адам саудасы құрбандарына әлеуметтік жұмысты, әлеуметтік-психологиялық аспектілерді ұйымдастыру;</p> <p>әлеуметтік қызметтер көрсетудің отандық және халықаралық практикасы;</p> <p>өмір мен отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері.</p>
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	Қарым-қатынас дағдылары, эмоциялық жауаптылық, командада жұмыс істеу, жауапкершілік, орындаушылық, риясыздық.	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптерімен байланысы	5-денгей	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
БА-мен байланысы	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	"Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16057 болып тіркелген). (бұдан әрі - халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары мен басқа да қызметшілеріне үлгілік біліктілік сипаттамалары).
Еңбек жағдайлары (мазмұны және сапасы)	Жұмысты орындау орны, жұмыс уақыты, демалыс уақыты режимі, еңбек демалысының ұзақтығы, еңбекке ақы төлеу шарттары және өзге де еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек және ұжымдық шарттарда белгіленеді.	
Кәсіп карточкасы	"Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман"	
Кәсіп коды	2635-3-001	
Кәсіп атауы	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	
	3350-0-009 Халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы маманы 3412-0-005 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі қызметкер (Кейс менеджер отбасын сүйемелдеу жөніндегі әлеуметтік қызметкер)	

<p>Кәсіптің басқа да ықтимал атаулары</p>	<p>2635-3-003 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттарға арналған баспана 2635-8-003 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балаларға және 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау 2635-8-004 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау 2635-3-001 Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету)</p>
<p>СБШ бойынша біліктілік деңгейі:</p>	<p>5 (5.1, 5.2, 5.3)</p>
<p>Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқада да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіптер үшін біліктілік деңгейі.</p>	<p>Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, арта кәсіби) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білімі және жұмыс өтілі бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде 3 жыл; жоғары санаттағы – жоғары (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, психологиялық) білім және жұмыс өтілі бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде 3 жыл; бірінші санаттағы – жоғары (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, психологиялық) білім және жұмыс өтілі екінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде 2 жыл; екінші санаттағы – жоғары (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, психологиялық) білім және жұмыс өтілі санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде 1 жыл; санаты жоқ: жоғары (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық, психологиялық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.</p>
<p>Кәсіптік білім деңгейі:</p>	<p>техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім</p>
	<p>Икемділіктер мен дағдылар: 1. Өмірлік қиын жағдайды еңсеру немесе оның туындауының алдын алу үшін мұқтаж адамға (отбасына) қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі шараларды ұйымдастыру. 2. Жеке жұмыс жоспарын және журналды/электрондық картотеканы әзірлеу бойынша жұмысты үйлестіру, олардың сапалы толтырылуын және орындалуын бақылауды</p>

жүзеге асыру, паллиативтік көмек және мейірбике күтімі қызметтерін талап ететін науқастарды анықтауға ай сайынғы мониторинг жүргізу

3. Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен түрлерін талдау;

олардың даму перспективаларын, әлеуметтік қызметке мұқтаждар динамикасын болжау;

4. Азаматтардың туыстарымен және туыстарымен байланыс жасауына, хат жазуына, арыз жазуына, баспа басылымдарымен танысуына көмек көрсету;

5. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің қызметіне және олардың ұсынылу сапасына әдістемелік басшылықты жүзеге асыру және бақылау;

7. Қамқорлықтағыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін қайырымдылық және демеушілік көмек көрсететін адамдарды тартуға жәрдемдесу;

8. Біліктілікті тұрақты негізде арттыру;

9. Белгіленген құжаттардың сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету, уақтылы есептілік (ведомстволық және статистикалық);

10. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету.

Білуге тиіс:

Нормативтік құқықтық актілер:

Қ а з а қ с т а н

Республикасының Конституциясы;

1-еңбек функциясы:

Мұқтаж адамға (отбасына) өмірлік қиын жағдайды еңсеру неоның алдын алу үшін қажетті арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету шараларын ұйымдастыру
Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында тұрмыстық зорлық-зомбылық, адам саудасының құрбандарына, медициналық-әлеуметтік мекеме (ұйымдарда) уақытша болу және тұру жағдайында ұйымдардың қызметі

Міндет:

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді сапалы көрсету бойынша бақылау және ұйымдастыру

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі;
"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;
Еңбек кодексі;
"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Тұрмыстық зорлық-зомбылық

профилактикасы туралы"
Қазақстан
Республикасының Заңы;
"Қазақстан
Республикасында
зейнетақымен
камсыздандыру туралы"
Қазақстан
Республикасының Заңы;
"Міндетті әлеуметтік
сақтандыру туралы"
Қазақстан
Республикасының Заңы;
"Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы"
Қазақстан
Республикасының Заңы;
жұмыс орнындағы еңбек
қауіпсіздігі және еңбекті
қорғау;
әлеуметтік жұмыс теориясы
мен практикасы;
жеке тұлға және
азаматтардың жекелеген
санаттары
психологиясының
ерекшеліктері;
психология, педагогика,
геронтология, этика
негіздері;
әлеуметтік жұмыс жөніндегі
бағдарламалық-әдістемелік
әдебиет;
мүгедектігі бар адамдарға,
соғыс және еңбек
ардагерлеріне белгіленген
әлеуметтік кепілдіктер мен
артықшылықтар жүйелері;
тәрбие және әлеуметтік
жұмыс түрлері мен әдістері;
әр түрлі әлеуметтік
ортадағы жұмыстың
ерекшелігі;
зейнеткерлік жастағы
адамдар мен мүгедектігі бар
адамдарға, тұрмыстық
зорлық-зомбылық
кұрбандарына, адам саудасы
кұрбандарына әлеуметтік
жұмысты,
әлеуметтік-психологиялық
аспектілерді ұйымдастыру;

		әлеуметтік қызметтер көрсетудің отандық және халықаралық практикасы; өмір мен отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері.
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Коммуникативтік дағдылар, эмоциялық ықыластылық, командалық жұмыс, жауапкершілік , орындаушылық, риясыздық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	6-деңгей	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
БА-мен байланысы	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары.
Еңбек жағдайлары (мазмұны және сапасы)	Жұмысты орындау орны, жұмыс уақыты, демалыс уақыты режимі, еңбек демалысының ұзақтығы, еңбекке ақы төлеу шарттары және өзге де еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек және ұжымдық шарттарда белгіленеді.	
Кәсіп карточкасы	"Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман"	
Кәсіп коды	2635-3-001	
Кәсіптің атауы:	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	
Кәсіптің басқа да ықтимал атаулары	2635-8-003 – Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балаларды және 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім 2635-8-004 – Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, егде жастағы және мүгедектігі бар адамдарға күтім 2635-3-003 – Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттарға арналған баспана 2635-3-004 – Халықты әлеуметтік қорғау қызметінің маманы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6 (6.1, 6.2, 6.3)	
	Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман: жоғары санат – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және жұмыс өтілі бірінші санаттағы біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде 3 жыл; бірінші санат – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және жұмыс өтілі екінші санаттағы	

<p>Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіптің біліктілік деңгейі</p>	<p>біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде 2 жыл; екінші санат – жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім және жұмыс өтілі санаты жоқ біліктілігі жоғары деңгейдегі маман ретінде кемінде 2 жыл; санаты жоқ: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, педагогикалық, медициналық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;</p>
<p>Кәсіптік білім деңгейі</p>	<p>Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, медициналық білім</p>
	<p>Икемділіктер мен дағдылар :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өмірлік қиын жағдайды еңсеру немесе оның туындауының алдын алу үшін мұқтаж адамға (отбасына) қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі шараларды ұйымдастыру. 2. Жеке жұмыс жоспарын және журналды/ электрондық картотеканы әзірлеу бойынша жұмысты үйлестіру, олардың сапалы толтырылуын және орындалуын

бақылауды жүзеге асыру, паллиативтік көмек және мейірбике күтімі қызметтерін талап ететін науқастарды анықтауға ай сайынғы мониторинг жүргізу

3 .

Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен түрлерін талдау; олардың даму перспективаларын, әлеуметтік қызметке мұқтаждар динамикасын болжау;

4 .

Азаматтардың туыстарымен және туыстарымен байланыс жасауына, хат жазуына, арыз жазуына, баспа басылымдарымен танысуына көмек көрсету;

5. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6. Арнаулы әлеуметтік қызмет

көрсететін қызметкерлердің қызметіне және олардың ұсынылу сапасына әдістемелік басшылықты жүзеге асыру және бақылау;

7. Қамқорлықтағыларға әлеуметтік көмек көрсету үшін қайырымдылық және демеушілік көмек көрсететін адамдарды тартуға жәрдемдесу;

8. Біліктілікті тұрақты негізде арттыру;

9. Белгіленген құжаттардың сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету, уақтылы есептілік (ведомстволық және статистикалық);

10. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету.

Білуге тиіс:
Нормативтік құқықтық актілер:

Еңбек функциясы:

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына, адам саудасы құрбандарына, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) уақытша болу және тұру жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардағы қызмет

Тапсырма:

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді сапалы көрсету бойынша бақылау және ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының Конституциясы;
"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексі;
"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;
Еңбек кодексі;
"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
"Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы"

Қазақстан
Республикасының Заңы;
"Қазақстан
Республикасында
мүгедектігі
бойынша
және
асыраушысы
нан айырылу
жағдайы
бойынша
берілетін
мемлекеттік
